



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ойымды қосқым келеді. Еліміздің болашағы жастар, сол себептен жастар арасындағы соның ішіндегі студент жастарға көңіл аударғым келіп тұр. Бір университет қабырғасында оқитын жастар үй болса, сол жастарға арнап гранттар бөлсе жастар арасындағы үй болу мәселесі артпай ма? Жас отбасының кобеюіне апарады деген ойдамын. Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің мақсаты- әрбір жас қоғамнан өз орнын таба білуіне, еліміздің өркендеп дамуына аянбай өз үлесін қоса білуіне жағдайлар жасау. Ол үшін мемлекет тарапынан жастармен, студент жастармен, жас отбасылармен жүргізілетін әлеуметтік жұмысты күшейту, қоғамдық өмірге белсенділігін арттыру керек деп санаймын. Өз елінің адал перзенті ретінде әр азамат туған халқына, туған жеріне, Отанына аз да болса өз көмегін, өз қолынан келген қандай да бір пайдасын тигізуі керек деп есептеймін. Сол себептенде біздің әр біреуіміз, ең бірінші, өз өзімізден, өзіміздің кішкене отбасымыздан, ошақ басынан бастайық. Осы жолда аянбай еңбек етіп, жүйелі нәтижелерге жету үшін тер төгейік. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «бірлік болмаса тірлік болмас» деп айтып кеткен ғой біздің даналарымыз, олардың осы сөздерін жерге тастамайық. Бар ынта-жігерімізбен атсалысайық.

Қолданылған әдебиет

1. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан – 2030 Жолдауы. – 1997 ж.
2. Ғабдолла Қ. «Қазіргі қазақ жастары қандай?»//Ақиқат № 12, 2013ж 106 б
3. Түсіпбекерұлы Ж. «Жастар саясаты туралы заңға түбегейлі өзгеріс қажет»//

Алаш айнасы 14 наурыз 2012 ж 2 б

УДК 159.922:316.356.2

ЖҰБАЙЛАРДЫҢ НЕКЕГЕ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әжібек Мөлдір

moldir_t_93@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, психология мамандығының 4 курс
студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Жұбайлардың некеге қанағаттанушылықтарының түсінігі көп жағдайда психологиялық үйлесімділік түсінігімен пара-пар келеді. Психологиялық үйлесімділіктің негізінде жұбайлар отбасылық өмірде бір-бірлеріне өмірлік серік бола алады, себебі сыйластыққа, достыққа, махаббатқа, көзқарастардың бірегейлігіне негізделе отырып олар үй шаруашылығына байланысты міндеттерді, жұмыстарды, өздерінің құқықтарын ақылдаса отырып шеше алады. Жұбайлар бірін-бірінің мінез, темперамент қасиеттерін, ақыл-ойын, әдеттері мен қажеттіліктерін психологиялық тұрғыда жақсы жағынан қабылдайды. Психологиялық үйлесімділік ортақ іс-әрекеттің белгілі-бір мақсаттары мен нәтижелеріне жету үшін тұлғаның өзгенің айтқанына көне алу қасиетімен байланысты болуы мүмкін.

Демек психологиялық үйлесімділік дегеніміз – интегралды психологиялық категория, себебі ол көптеген қасиеттерді, мінез бен темперамент ерекшеліктерін, адамның ақыл-ойын, көзқарастарын және басқа адамның ой-пікірлерін өз әлеміне біріктіреді. Сонымен қатар психологиялық үйлесімділік өзге адамға психологиялық тұрғыда бейімделе алу қабілетін білдіреді.

Көптеген зерттеушілер әлеуметтік бейімделуді белгілі-бір биоәлеуметтік қызметтерді (өз ағзасын және қорашаған іс-әрекетті дұрыс қабылдау; қоршаған адамдармен қалыпты және жүйелі қарым-қатынас жасау; еңбек ету, білім алу, бос уақытын ұйымдастыра алу қабілеті; отбасында және ұжымда, өз-өзіне және өзгеге қызмет жасай алу қабілеті; өзгелердің рөлдік күтулеріне байланысты мінез-құлқын өзгерте алу) жүзеге асыру мүмкіндігін бейнелейтін адам күйінің интерактивті көрсеткіші деп көрсетеді. Айтылған әлеуметтік бейімделуге қатысты қасиеттердің барлығы некелік-отбасылық бейімделуге де қатысты бола

алады [1].

Әлеуметтік бейімделу барысында биологиялық және психологиялық деңгейлерді бөліп көрсетуге болады. Бейімделудің биологиялық деңгейіндетәндік жағдайдың тұрақты және өзгермелі шарттарынына ағзаның бейімделуі жатады. Бейімделудің психологиялық аспекті «адамның тұлға ретінде белгілі-бір қоғамның талаптарына және өз қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сай бейімделіп өмір сүруін» қарастырады.

Психологиялық бейімделу әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды игеру арқылы жүзеге асады. Оның негізгі көрсеткіші ретінде өзара әсерлесуді айтуға болады, соның ішінде адамның қоршаған адамдармен адекватты қарым-қатынасы мен белсенді өмір сүруі жатады.

А.Н.Волкова мен Е.И.Трапезникова пайымдауларында, бірінші бала дүниеге келгенге дейін жас отбасында өзіндік отбасылық тәртіптің орнығуына байланысты қиындықтар болуы мүмкін, сонымен қатар бірін-бірі жақсырақ әрі тереңірек тану барысында туындайтын бір-біріне деген көңіл толмаушылық, отбасылық қарым-қатынас қызметтерін бөлісуге байланысты туындайтын жанжалдар, туысқандармен қарым-қатынас мәселелері, материалдық және экономикалық мәселелер тән [2].

Сонымен қоса көптеген отбасы мүшелерінде мінез-құлқы мен сезімдеріне асыра сілтеушілік тән. Көптеген зерттеушілер жұбайлардың некеге деген қанағаттанушылығы бірнеше жылдан соң, әсіресе бірінші бала дүниеге келгеннен кейін арта түседі деп санайды.

Н.Н.Обозов өз монографиясында отбасындағы қарым-қатынастың гностикалық компонентін бейнелейтін зерттеу нәтижелерін көрсеткен. Н.Абакумова, И. Садикова, С. Хитрина өз зерттеулерінде жаңадан үйленген (некеге тұруға өтініш берген) 19 жұпты және үш жыл мен бес жыл аралығында бірге өмір сүрген 13 отбасылық жұпты салыстырған. Зерттеу нәтижесінде жас жұбайлардың тұлғалық профильдерінің ұқсастығы (он алты факторлы Кэттелл сауалнамасын қолдану негізінде) отбасылық өмір тәжірибесі бар жұптарға қарағанда азырақ болған. Жұбайын қабылдау адекваттылығы ер адамдар мен әйел адамдарда шамамен бірдей, бірақ жас жұбайларға қарағанда тәжірибесі бар отбасыларда ол жоғарырақ болған [2].

Некеге, отбасына деген қанағаттанушылық отбасында болатын барлық жағдаяттар нәтижесіне байланысты, оған бейімделушілік процесстер де жатады. Демек, отбасылық өмірді жоғары бағалау ондағы бейімделушілік кезеңнің барлық міндеттері шешілуіне тікелей байланысты, яғни отбасы құрылымының қалыптасуы, ерлі-зайыптылар арасында қызметтердің немесе рөлдердің бөлінуі, жұбайлардың көңілінен шығатындай отбасылық құндылықтардың бағалануына байланысты. Осыған орай, некелік-отбасылық бейімделушілікті жұбайлардың отбасылық өмірге және бір-біріне өзара бейімделудің күрделі, көпдеңгейлі тұтас процесі ретінде қарастыруға болады [3].

Жұбайлардың әрбірінің некеге деген қанағаттанушылығы олардың мінездерімен және шынайы сезімдерімен тікелей байланысты. Некедегі махаббат сезімінің сақталуы мен бос уақытты өткізу сипаты арасында келесідей байланыс анықталған: үй шаруашылығын жұбайлар арасында әділетті түрде бөлісу арқылы әйел адамның бос уақытын ұзартуға болады [4].

Некеге деген субъективті қанағаттанушылық отбасын бағалау сипатын білдіреді, және көп жағдайда отбасының нәтижелі қызмет етуінің объективті деңгейіне сай келе бермейді. Некеге деген субъективті қанағаттанушылық шынайы жетістіктердің күтілетін жетістіктерге қатынасына негізделген. Мұны тұлғаның өзін-өзі бағалауы мазмұны болып табылатын белгілі Джеймс формуласына ұқсатуға болады. Сонда некеге деген субъективті қанағаттанушылық жұбайынан күтілетін міндеттердің шынайы өмірде орындап жүрген міндеттерге қатынасы ретінде анықталады, ал некеге деген субъективті қанағаттанушылықтың төмен болуы жұбайлардың адекватты қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауы, немесе өмірлік серігіне, некеге деген күтімдердің шамадан тыс жоғары болуы, шындықпен жанаспауы себеп болады. Некеге деген субъективті қанағаттанушылық төмен болған жағдайда тұлғааралық қарым-қатынас пен шынайы рөлдік мінез-құлықты, немесе жұбайлардың бір-біріне деген шамадан тыс жоғары күтімдерін түзету қажет.

Некеге деген субъективті қанағаттанушылықтың төмен деңгейі оны саналы түрде түсінудің әр түрлі деңгейімен анықталады. Егер жұбайы некеге деген көңіл-толмаушылығын саналы тұрғыда түсіне білсе, онда ол ашық түрде қарым-қатынас пен отбасылық ережелерді,

рөлдерді бөлісуді өзгертуін қалайтынын талап етіп, сонымен қоса ішкі күйзелістерімен, реніштерімен, оның ойынша орын алған отбасы өміріндегі әділетсіздіктерді өзінің сыңарына айтып бөлісе алады. Ал егер некеге деген қанағаттанбаушылықты толығымен саналы тұрғыда түсіне алмаса, яғни «жалынсыз» қанағаттанбау (Э.Г.Эйдемиллер, В.Ю.Остицикис, 1999) орын алса, онда наразылық шағым ретінде, қорқыныш сезімін бастан кешіру, сенімсіздік, фрустрация сезімдері көрініс табады.

Қалыптасқан отбасылық модель жұбайларды толық қанағаттандырған жағдайда, олар отбасылық өмірде ешнәрсені өзгерткілері келмейді, бұл некеге деген субъективті қанағаттанушылықты білдіреді, ал егер жұбайлар отбасылық жағдайға белгілі-бір өзгертулер енгізгісі келсе, қанағаттанушылық жартылай деңгейде болғаны. Некеге деген субъективті қанағаттанушылыққа әсер ететін факторларға отбасының өмірлік кезеңі, жұбайлардың жыныс және балалардың бар болуы жатады [5].

Отбасылық мәселелерді шешуде жұбайлардың ұстанатын мінез-құлық стратегиялары некеге қанағаттанушылық деңгейін анықтауда маңызды рөл атқарады. Мәселені конструктивті шешуге бағытталған позитивті келісім мен пен келіссөздер некеге деген субъективті қанағаттанушылық деңгейін арттыра түседі, ал сол орайда конфронтация, кету, қашу, өз дегенін істету, конфликт, бағыну және іріктемелі түрде мән бермеу секілді жүріс-тұрыстар сияқты мінез-құлықтың өзге формалары некеге деген қанағаттанушылық деңгейінің төмендеуіне әкеп соғады.

«Көлденең кесу» мен лонгитюд әдістерін үйлестіре отырып, С.Воисбап өз зерттеуінде 500-ден астам жұбайлар жұбын зерттеген. Алынған нәтиже бойынша отбасылық мәселер туындаған кезде мінез-құлық стратегияларында гендерлік өзгешеліктер бар екендігі көрсетіледі. Біріншіден, әдетте әйелдер енжар стратегияларды қолданады деген түсінік қалыптасқанымен, шын мәнінде терістеу мен мәселеден қашу стратегияларын ер адамдар көбірек қолданады, осы орайда ерлі-зайыптылар мәселеге бағытталған стратегияларды теңдей қолданады. Мысалы, ер адамдардың теріске шығару стратегиясын ұстану некеге қанағаттанушылық деңгейіне жағымсыз әсер етсе, әйел адамдар ұстанған бұл стратегия некеге қанағаттанушылық деңгейіне әсер етпейді [4].

Алайда, осы мәселеге байланысты Гр.Спинер, Р.Левис, Ч.Кол жүргізген зерттеулерде әр түрлі зерттелінушілер таңдалған (АҚШ-тың үш штаты). Одан алынған зерттеудің нәтижелері әр түрлі болған: олардың біреуінен алынған нәтиже бойынша U-тәріздес тәуелділік бар, ал басқа зерттеу некеге қанағаттанушылықтың әртүрлі құлдырауын растайды, ал үшінші зерттеу қорытындысы бірегей интерпретация жасауға негіз бола алмайды [3].

Қолданылған әдебиет

1. Дружинин В. Психология семьи. - М.: КСП, 1996.
2. Зацепин В.И. Брак и семья// Психология семьи. Хрестоматия/ Под ред. Д.Я. Райгородского. – М, 2002-351с.
3. Карабанова О.А. Психология семейных отношений. - М. - Самара, 2001-451с.
4. Джемс М. Корни брака // Психология семьи. Хрестоматия / Под ред. Д.Я.Райгородского. - М, 2002.- 450 с.
5. Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В. Психология и психотерапии семьи. - СПб.,1999.-243с.

ӨОЖ 331.102:349.3-056.266

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРДЫ ЕҢБЕКПЕН ҚАМТУ

Бадамбекова Жарқынай Ераханқызы

badambekova.zh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті Әлеуметтік жұмыс
мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі - Г.Исахова